



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

планирования» [6]. Полномочием и основными функциями департамента является, проработка (в том числе совместно с Министерством экономического развития Российской Федерации) вопросов разработки, нормативно-правового регулирования, согласования и актуализации прогнозов социально-экономического развития Российской Федерации, субъектов Российской Федерации и муниципальных образований; подготовку альтернативных прогнозов, сценариев и оценок социально-экономического развития Российской Федерации и отдельных отраслей экономики, субъектов Российской Федерации и муниципальных образований, а также административно-территориальных единиц, в том числе на долгосрочный период. Вследствие внедрения вышеуказанного департамента, оно обеспечит осуществление функций Министерства по реализации государственной политики в сфере бюджетной, налоговой, долговой, денежно-кредитной и других в установленной сфере ведения Министерства политик, в том числе анализа текущей ситуации в области экономики, динамики финансовых и сырьевых рынков; организации и практического применения инструментов планирования и прогнозирования; анализа и разработки мер экономической политики в указанных сферах; а также оценки и разработки мер по предотвращению негативного воздействия макроэкономических рисков и рисков для финансовой стабильности.

Литература:

1. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. - Алматы, ТОО «Издательство «Норма-К», - 2002, 272 с.
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 апреля 2008 года № 387 «О некоторых вопросах Министерства финансов Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 25.12.2017 г.)
3. Указ Президента Республики Казахстан от 6 августа 2014 года № 877 «О назначении Султанова Б.Т. Министром финансов Республики Казахстан».
4. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. 1 том: учебное пособие/ С.С. Капсалямова. - Алматы: , 2017. 324 с.
5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 14 августа 2014 года № 933 «О ведомствах центральных исполнительных органов Республики Казахстан» (с изменениями по состоянию на 27.10.2016 г.)
6. Приказ Минфина России от 09.06.2016 № 195 «Об утверждении положения о департаменте бюджетной политики и стратегического планирования» (в ред. приказов Минфина России от 10.07.2017 № 522, от 30.03.2017 № 294)

УДК 347.7(075.8)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Казиев Ж.Б

. Jankabl94@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Құқықтану» мамандығы бойынша 1-курс магистранты.
Ғылыми жетекші - Капсалямова С.С.

з.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық құқық кафедрасының доценті

Салықтар - кез-келген мемлекеттің тіршілік етуінің негізі, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің көзі. Бүгінгі таңда салықтар нарықтық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болып табылады, бұл ретте өте маңызды (фискальдық, реттеуші, ынталандырғыш, бақылағыш және т.б.) атқарымдарды орындайды. Әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында салықтардың тұрақтылығына деген қажеттілік туындайды, себебі бұл - кәсіпкерлердің және

мемлекеттік бюджеті бар кәсіпорындардың өзара әрекеттесуін белгілейтін негізгі фактор. Салық салу жүйесінің құрамындағы көптеген салықтар елдегі экономикалық ахуалдың өзгеруімен бірге, халық шаруашылығын дамытудың объективті жағдайларына қайшы келуіне жол бермейтін шектерде өзгере алады және өзгеруі тиіс. Танымал америкалық саясаткер Бенджамин Франклиннің «Бұл әлемде өлім мен салықтан ғана құтылуға болмайды» деген афоризмге айналған сөздерін еске түсірейік. Бұл пайымдама салықтың мемлекет және жалпы қоғам үшін маңыздылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Жолдауында «бизнес деңгейіндегі болашақ салық саясаты ішкі өсімді ынталандыруы және сыртқы нарықтарға отандық экспортты, ал азаматтар деңгейінде олардың қорларын, жинақтарын және салымдарын ынталандыруға тиіс» делінген. [1]

Салық дегеніміз не? Салық - бұл мемлекет (орталық және жергілікті билік органдары) жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге өндіріп алатын міндетті төлемдер. Ұлттық табысты экономикалық және әлеуметтік тапсырмаларға сәйкес бөлуді және қайта бөлуді қамтамасыз ететін қаржылық қатынастардың бірі болып табылады. Салықтар табысқа және мүлікке салынатын тура салықтар болып (табыс салығы, қосымша құн салығы және т.б.) және тауарлар мен қызметтердің бағасына немесе тарифіне үстемеақы (акциз) түрінде салынатын жанама салықтар болып бөлінеді.

Салықтық жүйе дегеніміз не? Салықтық жүйе - салықтардың түрлерінің, оларды белгілеу нысандары мен әдістерінің, атқарымдары, мақсаттары және тапсырмалары бар құрылым мен басқару буындарының заңды түрдегі үйлесімі. Қазақстан Республикасының салықтық жүйесіне салық қызметінің органдары, салықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар және салықтар, алымдар және баждар түрінде бюджеттік жүйеге төленетін міндетті төлемдердің үйлесімі кіреді. [2]

Қазақстан Республикасында салықтар, алымдар және баждар болып салық төлеушілерден Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесіне, сондай-ақ мемлекеттің ақылы қызметтер көрсеткені үшін заңмен белгіленген мөлшерлерде және мерзімдерде міндетті түрде түсетін ақша қаражаттарын білдіреді. [3]

Тәуелсіздікті алғаннан кейін және жаңа нарықтық қатынастарға ауысқаннан кейін Қазақстан Республикасында салықтық заңнамамен байланысты мәселелер одан артық өзекті бола бастады. Демек, салықтық жүйенің табысты әрекет етуіне көп жағдайда қабылданатын экономикалық шешімдердің нәтижелілігі байланысты болады.

Көлік құралдарына салынатын салық жол саласын қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады және көлік құралдарына салынатын салықтың уақтылы түсуіне жол құрылысы бағдарламаларын орындау мерзімдері мен сапасына тікелей тәуелденеді. Көлік құралдарына салынатын салық негізгі салықтардың бірі болып табылады және мүлікке салық салу жүйесінде басты орынды алады.

Көлік құралдары жоқ ұйымдар өте аз, сондықтан көлік құралдарына салынатын салық барлық дерлік ұйымдарға қатысты. Сонымен қатар, өз меншігінде көлік құралы жоқ және көлік құралын сенімхат арқылы пайдаланатын фирмаларға да көлік құралдарына салынатын салықты төлеуге тура келеді.

Автомобильдері, мотоциклдері, мотошаналары, катерлері және т.б. бар азаматтар да көлік құралдарына салынатын салықты төлеуге тиіс. Бір жағынан, көлік құралдарына салынатын салықты төлеу өте оңай, себебі шенеуліктер азамат қазынаға төлеуі тиіс соманы өздері есептеп, хабарламаны төлем құжаттарымен бірге пошта арқылы жібереді. Алайда, салық төлеуші салық төлеу мерзімдерін қадағалауы тиіс және салықты көлік құралдарына салынатын салық туралы заңда белгіленген кезеңде төлеген жөн, кері жағдайда өсімпұлдар төлейді. Сонымен қатар, салық сомасының дұрыс есептелгеніне көз жеткізуі қажет.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, қазіргі таңда көлік құралдарына салынатын салық бойынша бюджеті бар ұйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты есептелген салықтармен байланысты мәселелер әсіресе өзекті.

Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын **төлеушілер** болып табылады.

Көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер болып табылмайды:

1) бірыңғай жер салығын төлеушілер - оның мүшелеріне жалпы меншік құқығында, меншік құқығында тиесілі және өзінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және өңдеу барысында тікелей пайдаланылатын мынадай көлік құралдары бойынша:

- қозғалтқышының көлемі 2 500 текше сантиметрге дейінгі бір жеңіл автомобиль;
- қозғалтқышының шекті қосынды қуаттылығы 1:1 арақатынасын ұстанған кезде 1000 шаққанда 1000 кВт болатын жүк автомобильдері.
Бұл ретте, егер есептеу қорытындылары бойынша көлік құралдарының саны бөлшек мағынасы 0,5 және одан жоғары болатын бір бірліктен артық болса, онда мұндай мағына бүтін бірлікке дейін дөңгелектенеді, егер 0,5 төмен болса, онда дөңгелектенбейді.

Егер есептеу қорытындылары бойынша жүк автомобильдерінің саны бір бірліктен төмен болса, онда қозғалтқышының қуаттылығы ең төмен жүк автомобилі босатылады;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, соның ішінде бірыңғай жер салығын төлеушілер - өзінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында пайдаланылатын мынадай мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша:

- ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін сүт немесе су тасымалдауға арналған цистерна-автомобильдер; ветеринарлық қызмет автомобильдері; автозообиологиялық зертханалар; жем-шөптіавтотасығыштар; автотиегіштер; тұқым сепкіштерді автотолтырушылар; тыңайытқыштарды енгізуге арналған автомашиналар; ұшақтарға минералдық тыңайытқыштар мен улы химикаттарды тиегіштер; және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін тиегіштер;

3) мемлекеттік мекемелер;

4) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілетін адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

5) меншігінде мотоарбалар мен автомобильдер бар мүгедектер;

6) Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Батыр ана» атағына ие болған немесе «Алтын алқа» не «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

7) ауыл шаруашылығы құралымынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдалану мерзімі жеті жылдан асқан жүк автомобильдері бойынша - жеке тұлғалар. [5]

Қазақстан Республикасында тіркелген және (немесе) есепте тұрған, тіркемелерді қоспағанда, көлік құралдары салық салу **объектілері** болып табылады.

Салық салу объектілері болып табылмайды:

1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік өздігінен түсіргіштер;

2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары.

Салықтың ауқымы көлік құралының класына тәуелді. Сонымен, салық ауқымы ретінде жеңіл автомобильдер үшін текше сантиметр белгіленген, жүк көліктері үшін - жүк көтергіштігі, автобустар үшін - отыратын орындарының саны, катерлер үшін - қозғалтқышының ат күшімен есептелетін қуаттылығы, ұшатын аппараттар үшін - қозғалтқышының киловаттпен есептелетін қуаттылығы.

Салық салу **мөлшерлемелері** көлік құралының әр класы үшін АЕК мөлшерімен белгіленген. Сонымен, мысалы, жүк автомобильдеріне қатысты жүк көтергіштігі 1 тоннаны қоса алғандағы автомобильдерге 3 АЕК қоса алғандағы мөлшерлеме бойынша салық

салынады, жүк көтергіштігі 1 тоннадан асатын және 1,5 тоннаны қоса алғандағы автомобильдерге 5 АЕК мөлшерлемесі бойынша салық салынады. [6]

Салық салу объектісі бойынша төленетін салық сомасын салық төлеуші әр көлік құралы бойынша салықтық мөлшерлемеге негізделе отырып, өз бетінше есептейді.

Салықты жеке тұлғаларсалық салу объектісі тіркелген жер бойынша салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына дейін **төлейді**. Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдердің сомаларын салық салу объектілері тіркелген жер бойынша салықтық кезеңнің 5 шілдесінен кешіктірмей, ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы төлейді. [7]

Көлік құралдарына салықты есептеуге арналған **салықтық кезең** бір күнтізбелік жылға тең.

Бүгінгі таңда басқару органы болып ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті табылады.

Нарық пен салық - бүгінгі таңдағы аса қызықты мәселе. Дамыған елдерде мемлекеттік шығындарды азайту жолдары, сәйкесінше, бір жағынан, салықтық кірістерге деген қажеттілікті қысқарту жолдары және екінші жағынан, қолданыстағы жүйелердің тиімділігін арттыру жолдары үнемі іздестіріледі. Салықтың негізгі мәселелері мынаған негізделеді.

Заманауи салық жүйесі салық төлеушілердің түсінуі үшін және салық органдарының тарапынан тиімді басқаруы үшін тым күрделі. Бұл артық әкімшілік шығындарға әкеп соғады және салық төлеуден жалтарудың әбден жетілдіріген әдістерін тудырады. Жеке табыс салығын салу салық ауыртпалығын әділетсіз бөлумен сипатталады: бірдей деңгейдегі табыстарға салынатын салық деңгейі бірдей болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Салық салу компанияларды экономикалық себептерге емес, салықтық себептерге байланысты қаражаттарды инвестициялауға және теңгерімді қайта құрастыруға мәжбүрлейді. Бұл капитал жұмсалымына және шектеулі ресурстарды бөлу сапасына тері әсер етеді. Жеке салық салу мен корпорациялық салық салу мөлшерлемелеріндегі үлкен айырмашылықтар компанияларды салықтық себептер бойынша инкорпорация туралы шешімдер қабылдауға мәжбүрлейді. Дивидендтерді кемсіту жаңа инвестицияларды қарыз қаражатының есебінен қаржыландыруға әкеп соғады. [8]

Одан әрі сыналатын жайттар болып табылады: - отандық өндірушілердің тиісті ынталандырылмауы; - пайдаға (табысқа) шамадан тыс салық салу; - батыс елдерімен салыстырғанда жеке тұлғаларға жоғары мөлшерде салық салынуы; - бұрын біз естімеген қосымша құн салығының енгізілуі; - салық төлеуден жалтарған тұлғалар үшін тым қатал қаржылық санкциялардың қолданылуы; - жекелеген салықтардың жиі өзгеруі. Және бұл тізілімді одан әр жалғастыруға болады. [9]

Осының барлығы жалпы салық жүйесіне, соның ішінде көлік салығына барынша назар аудару қажеттілігін білдіреді. Осыған байланысты, салықтық қатынастарды үйлестіру қажет. Салықтық қатынастарды үйлестіру болып салық салу үдерісіне қатысатын барлық тараптардың (мемлекеттік басқарма және ең алдымен, салықтық басқарма тұлғасындағы мемлекет, бірінші тараптан, және тауарлар мен қызметтерді өндірушілер тұлғасындағы салық төлеушілер мен олардың тұтынушылары, екінші тараптан) мүдделерін және салықтық реформаға деген көзқарастарын барынша жақындастыру табылады. Шетелдік елдердің даму тәжірибесін қолдану қажет, бірақ механикалық көшіру емес, Қазақстанның даму тарихын және экономикасының заманауи күйін терең зерделеуге сүйенетін шығармашылық тұрғыдан мәнін түсіну қажет. Салық салу саласында Қазақстанға қолданыстағы салықтық жүйені жетілдіруге ғана емес, сондай-ақ қандай да бір іс-шаралар кешенін жүзеге асырудың барлық экономикалық және әлеуметтік салдарын болжай алатын өзіндік ғылыми мектеп немесе бірнеше мектептер қажет. Көлік салығын өндіріп алу бойынша салықтық ауыртпалықты төмендету қажет, бірақ шамадан жоғары емес. Салықтар ынталандырғыш рөлді ғана емес, сондай-ақ шектеуші рөлді атқарады. Салықтарды өндіріп алу тәртібі салық төлеушінің жеке өміріне барынша аз араласуды қарастыруы тиіс. Салықтық түсімдер бойынша, соның ішінде көлік салығы бойынша салықтық түсімдердің көлемдерін болжау үдерісі қажет, ол салық салынатын базаны қаржылық талдау рөлін атқара алады, оларды мемлекеттік бюджетке

түсетін салықтық түсімдердің көлемдеріне тікелей немесе жанама әсер ететін объективті және субъективті факторлар ретінде түзете алады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының жалпы салық салу жүйесін, атап айтсақ, көлік құралына салынатын салық жүйесін жетілдіру берік экономикалық базисті құрумен және қоғамдық даму үшін тұрақты саяси жағдайларды жасаумен үздіксіз байланысты. Қаншалықты тез құрылуына салық салу жүйесін экономикалық өсу факторына біртіндеп айналдырудың тұрақты алғышарттарын қалыптастыру тәуелденеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Жолдауы.
2. Беликов Е.Г., Бит-Шабо И.В., Разгильдиева М.Б. и др. Финансовое и налоговое право: практикум / отв. ред. Н.И. Химичева. М.: Норма, 2008 (12,6 п.л.).
3. Порохов Е.В. Теория и практика налогового права Республики Казахстан: основные проблемы. – Алматы: ТОО “Налоговый эксперт”, 2009. – 456 с.
4. Налоговые реформы и развитие гражданского общества в Казахстане (Под общей редакцией д.ю.н. Е. В. Порохова.) Алматы: ТОО “Налоговый эксперт”, 2010. – 156 с.
5. Қазақстан Республикасының 10.12.2008 ж. Салық кодексі, 365-бап.
6. Финансовое право РК. Особенная часть. А. И. Худяков. Алматы, 2002 ж. 210-бет.
7. Қазақстан Республикасының 10.12.2008 ж. Салық кодексі, 369-бап.
8. Илимжанова З.О. совершенствовании процесса прогнозирования налоговых поступлений на региональном уровне / З. Илимжанова // Аль Пари. – 2002. – № 9. – С. 24-25.
9. Бордияну И.В. Перспективы и направления совершенствования налоговой системы РК через гармонизацию налоговых отношений./Вестник КАСУ №4 - 2010.с.25-30.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кенжебаева Гүлзада

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, құқықтану мамандығының 1-курс студенті. Жетекші: Ибрагимов Ж.И.

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық, т.б. мәдениет жүйе салалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады.

Мәдениет салаларының арақатынасы бірлестікте және дербестікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады. Жақсы дамыған экономика, мәдениеттің жан-жақты нығауына мүмкіншілік жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Жоғары деңгейі мәдениетке құқықтық мемлекет жол ашады.

Сонымен, қоғамның парасаттылық, инабаттылық тәрбиелік т.б. деңгейі мәдениеттің деңгейімен айқындалады. Ал мәдениеттің деңгейі қоғамның экономикасының, саяси-әлеуметтік деңгейіне байланысты.

Қоғамда бұл екі жақты байланыс бір елдің, бір мемлекеттің шеңберінде ғана болады. Мәдениеттің дамуына сыртқы қолайлы жағдай зор әсер етеді. Мысалы, дамыған елдердің мәдениеті артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, мәдениетін дамытады...